

Дәріс № 4. Мемлекетаралық стандарттар жүйесі

Дәрісте игерілетін пәннің оқыту нәтижелері:

ПОН 1 – Қоғам мен табиғаттың өзара қарым-қатынастарының кезеңдерінде қоршаған ортаның өзгеру динамикасын және оның биосфераға әсерін анықтайды,

ПОН 2 - Қоршаған орта жағдайының мониторингін ұйымдастыру және құру, сараптама түрлері, қоршаған табиғи орта приоритетті бақыланатын параметрлері, сараптауды жүзеге асыру құралдары туралы біледі;

ПОН 3 - Табиғи-ғылыми аспектілерді ұғыну үшін ластаушы заттардың эмиссияларына айланысты амақ өнімдеріндегі токсиканттар мен гендік модификацияланған ағзалардың жағымсыз процестері туралы түсініктерін қалыптастыру дағдыларын меңгере алады.

Стандарттарды әзірлеу тәртібі

Өнімге, процестерге (жұмыстарға) және қызметтерге мемлекеттік стандарттар әзірленеді.

Стандарттарды әзірлеуді мемлекеттік стандарттау жоспарларына сәйкес немесе өзінің ынтасы бойынша стандарттау жөніндегі мемлекеттік және мемлекетаралық техникалық комитеттер, республиканың басқа мүдделі тұлғалары жүзеге асырады.

Стандарттарды әзірлеудің тапсырушылары мемлекеттік басқару органдары, дайындаушылар мен өнімді тұтынушылар, қоғамдық мекемелер мен бірлестіктер, республиканың басқа мүдделі тұлғалары болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасында халықаралық стандарттарды қолдану тәртібі ҚР СТ 1.9 сәйкес болу тиіс.

Мемлекеттік стандарттау жоспарларына кіргізілген мемлекеттік тапсырыс бойынша әзірленген мемлекеттік стандарттау туралы ақпарат Мемстандарттың Web-site-ында орналасуы тиіс.

Стандарттарды әзірлеуді келесі тәртіпте жүзеге асырады:

- 1- саты - әзірлеуді ұйымдастыру;
- 2- саты - стандарт жобасын әзірлеу (бірінші редакциясы) және оны қарауға және келісуге жіберу;
- 3- саты - стандарт жобасының соңғы редакциясын әзірлеу және оны бекітуге ұсыну; 4- саты - бекіту және мемлекеттік тіркеу; 5- саты - басып шығару.
- 4-

Стандарттарды әзірлеуді ұйымдастыру

Стандарттарды әзірлеу алдында Мемстандартқа стандарттарды әзірлеуге өтінімді дайындау және ұсыну керек.

Өтінімді дайындау және қарау, мемлекеттік стандарттау жөніндегі жоспарларды қалыптастыру ҚР СТ 1.7 сәйкес жүзеге асырылады, соның

ішінде заңдар, стандарттарға сілтемелері бар нормативтік құқықтық актілер мен техникалық реттемелер. Өтінімде стандарттарды әзірлеу қажеттілігіне негіздемені және мақсатын көрсетеді.

ТК стандарт жобасын әзірлеуді ұйымдастырады.

- ТК мүшелерінен және оның шағын комитетінен (ШК) (ары қарай - ТК) стандарт жобасын әзірлеу үшін жұмыс тобы құрамын (ЖТ) анықтайды.

- бекітілген бағдарламаларға, жоспарларға және келісімдерге сәйкес стандарттарды әзірлеу сатысы бойынша жұмыстарды орындау мерзімін белгілейді.

Оны қарауға мүдделі мекемелер мен шетелдік серіктестер туралы ақпаратты жинау үшін стандарттарды әзірлеудің басы және оның жалпы талаптары туралы ақпарат Мемстандарттың Web-site-ында орналастырылады.

1. Стандарт жобасын әзірлеу (бірінші редакциясы)

Жұмыс тобы стандарт жобасын және оған түсіндірме жазбахатын дайындайды. Түсіндірме жазбахатта келтіріледі:

- стандарттарды әзірлеудің техникалық-экономикалық негіздемесі;
- тиісті құжат тапсырмасын көрсетіп, стандартты әзірлеуге негіздеме.
- мемлекеттік тілде стандарттарды әзірлеудің мақсатқа сайлығының негіздемесі;
- стандарттау объектісінің сипаттамасы;

- Қазақстан Республикасының заңдарына, техникалық рет-темелерге, халықаралық стандарттарға, қазіргі заманның ғылыми-техникалық деңгейіне стандарт жобасының сәйкестігі туралы ақпарат; стандарт жобасының стандарттау жөніндегі басқа норма-тивтік құжаттарымен өзара байланысы туралы мәлімет және оларды қайта қарау, өзгерту және жою жөніндегі ұсыныстар;

- қарауға және келісуге стандарт жобасын жіберу туралы мәлімет;
- ақпарат көздері;
- әзірлеуші (мекен-жайы, электрондық және байланыс телефоны/факс) және жұмыстарды бірге орындаушы, стандартты әзірлеу мерзімі туралы деректер;

ТК (әзірлеуші-мекеме) стандарт жобасының заңды және басқа нормативтік құқықтық актілеріне, техникалық реттемелерге, Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттау жүйесінің стандарттарына, келісім шарттарына және (немесе) стандартты әзірлеудің техникалық тапсырмасына сәйкестігін тексереді және оны түсіндірме жазбахатымен ТК және мүдделі мекемелерге жібереді.

ТК мүшелері және мүдделі мекемелер стандарт жобасын қарайды (отырыстарда, хатжазысу, сөйлесу арқылы) және ескер-тулер мен ұсыныстарды дайындайды.

Алынған ескертулерді ескеріп ТК (әзірлеуші-мекеме) бірінші редакция ретінде стандарт жобасын дайындайды.

Стандарт жобасын стандарттау объектісіне байланысты келісуге:

- әзірлеуші тапсырушысына (бар болса);
- құзыретіне стандартталған өнімдер қауіпсіздігіне мөлшерлеу және қадағалау кiретін мемлекеттік басқару органдарына;
- балалардың, арнайы және алдын алу тағамы өнімдерінің Қазақ тамақ академиясына; тамақтың биологиялық белсенді қоспаларына;
- қолданыстағы және әзірленетін техникалық реттемелер әзірлеушілеріне мекемелерге, әзірленгендерді толықтыру және дамыту;
- олардың қызмет саласына сәйкес стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерге, егер олар стандарттарды әзірлеушілер болмаса;

қарауға:

- бақылау әдістеріне әзірлеген кезде «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институтына» РМК (сынаулар, талдау, өлшеу);
- «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институтына» РМК;
- стандарт жобасын әзірлеумен байланысты қайта қарауға, өзгертуге немесе жоюға жататын стандарттау жөніндегі өзара байланысты нормативтік құжаттар әзірлеушілеріне;
- әлеуетті өнімді әзірлеушілерге және тұтынушыларға, мүдделі ғылыми-зерттеу институттары мен мекемелер-
- ге, қоғамдық бірлестіктерге, оқу орындарына, республика ғылымдарына, тәуелсіз сарапшыларға (болса) жібереді;

Стандарттар жобасын қарау және республика аумағында орналасқан мекемелер пікірлерін дайындау мерзімі оларды алған сәттен 1 айдан аспауы тиіс, ал Мемстандарттың Web-site-ында орналасқан стандарттар үшін Қазақстанның сауда серіктестер-елдері-не-60 күн.

Көрсетілген мерзім ішінде түсініктемелер мен пікірлер ұсынылмаған жағдайда стандарт жобасы келісілген деп саналады.

Оқыту әдістері мен түрлері: баяндау, сұрақ-жауап, түсіндіру, шолу лекция

Денгейлік тапсырмалар:

1. Стандарттарды әзірлеу тәртібін айтыңыз.
2. Стандарт жобасын әзірледі (бірінші редакциясы) түсіндіріңіз.

БӨЖ және ОББӨЖ тапсырмалары: Стандарттаудың әдістері және сәйкестікті растау саласында ТР органдары.

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Мендебаев, Т. М. Стандарттау, метрология және сертификаттау. Алматы. Дәуір, 2011. - 368 с. - ISBN 978-601-217-198-3

2. А.И. Аристов, Т.М. Раковщик. Основы метрологии, стандартизации и сертификации: учебное пособие /. – М., МАДИ 2013. – 200 с.

3. Ж.Ж. Есенқұлова, Ж.Ж. Аканова, А.М. Касенова. Стандарттау, сертификаттау және метрология негіздері: Оқу құралы / Алматы: Экономика, 2014.-284 б.

4. Журавлева Н.Ю., Кирюшин С.А. Стандартизация, метрология, подтверждение соответствия: Учебно-наглядное пособие / Нижний Новгород: Национальный исследовательский Нижегородский государственный университет им. Н.И. Лобачевского, 2018. - 62 с.

5. Е.В.Кравченко, Ю.К.Кривогузова, И.П.Озерова. Метрология, стандартизация и сертификация. Учебное пособие. Томский политехнический университет. - Томск: Изд. Томского политехнического университета, 2013. -172с.